

Астрахан ауылының №1 ЖОББМ» КММ 2024-2025 оқу жылындағы тәрбие жұмысы бойынша қаңтар айының есебі.

БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ

**ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН
АДАЛ АЗАМАТ
ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛТ**

“Тәуелсіз және Отаншылдық”

“Бірлік және ынтымақ”

“Жасампаздық және жаңашылдық”

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында еліміздің дамуы мен тұрақтылығының тірегі болып табылатын маңызды мәселелер қозғалды. Соның ішінде «Заң мен тәртіп» қағидасы ерекше аталды. Президент бұл қағидаттың тек құқық қорғау саласына ғана емес, мемлекеттің тұрақтылығы мен қоғамның дамуына негіз болатын басты құндылық екенін атап өтті.

Әсіресе, сұхбатта ерекше аталған «Заң мен тәртіп» қағидасы – қоғамымыздың өркендеуі мен елдің бірлігін сақтаудағы негізгі құндылық ретінде үлкен мәнге ие болды. Президент бұл қағидаттың тек құқық қорғау саласында ғана емес, жалпы қоғамның тұрақтылығы мен дамуында шешуші рөл атқаратынын атап көрсетті.

Осы орайда, естеріңізге сала кетсем, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында қаңтар айы – «Заң мен тәртіп» айы ретінде белгіленді. Бұл айда білім беру ұйымдарында өткізілетін іс-шаралардың мазмұны мен педагогтердің және білім алушылардың іс-әрекетінің негізгі лейтмотиві заң мен тәртіп құндылығына негізделеді.

Заң мен тәртіп құндылығын білім алушыларда қалай қалыптасады десек? Ол ең алдымен:

Әдептілік нормаларын сақтау;

Қауіпсіздік ережелерін сақтау;

Түрлі жағдайларда нұсқаулықтарға сәйкес әрекет ету;

Басқаның ар-намысына және тұлғалық қасиеттеріне құрметпен қарау;

Өзгенің затын иемденбеу;

Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету;

Орынды, сыпайы сөйлеу мәдениетін ұстану;

Сыныпта және қоғамдық орындарда тәртіп ережелерін сақтау;

Бастаған істі табандылықпен соңына дейін жеткізу;

Әр істің жауапкершілігін өз мойнына алу сияқты дағдылардан басталады.

Әрине, бұл аталған дағдылар бір-бірімен тығыз байланыста. Бір сөзбен айтқанда, бұл – ата-бабамыздан келе жатқан «Жаным – арымның садағасы» деген ұлағатты ұғыммен үндеседі. Әр адам алдымен өзін түзетсе, орта

түзеледі; орта түзелсе, қоғам түзеледі. Демек, бірлік – игіліктің бастауы, жауапкершілік – тірліктің көзі, сабырлық – ерліктің шыңы, ал заң мен тәртіп – қоғамның мәңгілік мызғымас тірегі.

1. Мектебімізде 2025 жылдың 10 қаңтар күні 6,7,8 сыныптар арасында “Құқық бұзушылықтың алдын-алу” тақырыбы бойынша Астрахан ауданы ішкі істер бөлімінің кәмілеттік жасқа толмаған жас өспірімдер жөніндегі инспектор А.Абенова түсіндірме жұмыс жүргізіліп, ақпарат берілді.



2. Қаңтар айының 9 күні Астрахан ауданының Агротехникалық колледжінен “Кәсіптік бағдар” бойынша мамандар келіп, 9 сыныптың оқушыларымен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, ақпарат берді.




3. “Кәсіптік бағдар” бойынша Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінен жас маман Маркова Д.А келіп, 11 сынып оқушыларымен сөлесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді және оқушылар оқуға түсу жөнінде өздерін толғандыратын сұрақтарын қойып, керекті ақпараттарын алды.



4. Астрахан ауданы әкімдігінің ұйымтастыруымен 11 қаңтар күні “Шаңғылар шеруіне” мектебіміздің оқушылары қатысты. Мектебімізден 8 оқушы жүлделі 1,2,3 орындар иеленді!

1. Маймакова Мадина 2 орын 9 сынып
2. Муканова Аңсара 3 орын 10 сынып
3. Сериков Нурсултан 3 орын 11 сынып
4. Ташмагамбетов Аянат 2 орын 10 сынып
5. Маймаков Исмайл 1 орын 10 сынып
6. Құлайберген Ислам 1 орын 5 сынып
7. Жанболат Айсұлтан 2 орын 5 сынып
8. Жанболат Батырхан наминация ең кішкентай қатысушы.



5. Мектебімізде “Буллинг” және “Кибербуллинг” жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларының алдын алу, оқушыларды сыйластыққа, бір -біріне қолдау көрсету мақсатында жұмыстары жүргізілді. Құқық фракцияның жүргізушісі Қайролла А




6. Мектептің 1-6 сыныптың оқушыларын, музыкалық аспаптармен таныстырдық.



7. Мектебімізде І.Есенберлиннің 110 жылдығына орай ұйымдастырылған “Ұлттық рухтың шырағы” атты челленжіне 8-11 сынып оқушылары мен қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері қатысты.

Мақсаты: Ілияс Есенберлиннің шығармашылығын дәріптеу мен жазушының қазақ әдебиетінің дамуына қосқан үлесін оқушыларға таныстыру.



8. Сынып жетекшілердің ӘБ отырысы өтті. Отырыста директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: А.М. Ибрагимова 2024-2025 оқу жылының қаңтар айынан бастап, алда өткізілентін жұмыс жоспарын сынып жетекшілермен бірге талқылап, таныстырды.




9. 2024-2025 оқу жылындағы 23-31 қаңтар аралығында өтетін өнер апталығының (музыка, көркем еңбек, технология, бейнелеу өнері) жоспарға сай ашылды. Осы апталықтың ашылу қарсаңында Астана халықаралық мектебінен әдістемелік көмек беру ретінде қонақтар келді.



10. “Қаржылық сауаттылық” атты жоғары сыныптарда, сынып сағаттары өтті.



11.5-11 сыныптар арасында “Нашақорлық -ғасыр дерті” атты сынып сағаттары өтті.



12. «Балалар кітапханасы» жобасын жүзеге асыру мақсатында қазақ әдебиетінде өнімді еңбек еткен Ілияс Есенберлиннің 110 жылдығына арналған “Көшпенділер” трилогиясының бөлімдерін оқытуға арналған 5-11 сыныптар арасында сынып сағаттыры өтті.



13. "Балалар кітапханасы" жобасы аясында мектеп кітапханасында 1 сынып оқушыларымен "Үзілісте кітап оқимыз" тақырыбында 10 минуттық кітап оқу ұйымдастырылды. Мақсаты: үзіліс уақытын тиімді пайдалану және де оқушыларды бос уақытында кітап оқуға дағдыландыру. Оқушыларға қызықты ертегілер мен аңыз әңгімелер ұсынылып, балаларға "Қарлығаш пен дәуіт", "Ақыл, ғылым, бақыт" тақырыбындағы қазақ ертегілері оқып берілді

Турдимуратова Б.А

[#біртұтас](#) тәрбие

[#балалар](#) кітапханасы

[#оқуға](#) құштар мектеп



14. 27 қаңтар күні "Астрахан ауылының N1ЖОББМ"КММ-нің 11 А, 11Ә сынып арасында Ильяс Есенберлиннің дара тұлғасы, ұлы жазушының 110 жылдығына арналған "Көшпенділер" трилогиясы бойынша бай шығармашылық мұрасын дәріптеу, жазушының қазақ әдебиетінің дамуына қосқан үлесімен оқушыларды таныстыру және халқына қалдырған шоқтығы биік туындыларына шәкірт жүрегінде сүйіспеншілік сезімін ояту, үлгі алуға, құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында сынып сағаты өтті.



27 қаңтар күні "Астрахан ауылының N1ЖОББМ"КММ-нің 11 А, 11Ә сынып арасында Ильяс Есенберлиннің дара тұлғасы, ұлы жазушының 110 жылдығына арналған "Көшпенділер" трилогиясы бойынша бай шығармашылық мұрасын дәріптеу, жазушының қазақ әдебиетінің дамуына қосқан үлесімен оқушыларды таныстыру және халқына қалдырған шоқтығы биік туындыларына шәкірт жүрегінде сүйіспеншілік сезімін ояту, үлгі алуға, құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында сынып сағаты өтті.



“Біз есірткіге қарсымыз!” мектебіміздің оқушылары есірткіге жол жоқ! Салауатты өмір салтын сақтап, ұлттық құндылықтарымызды қолдаймыз!

✓ Есірткі-бұл жоюға әкелетін жол, ал спорт шығармашылық және білім табысқа жетудің жолы. ✓ Бізге қосылып, жастардың есірткісіз өмірді таңдағанын көрсетейік!



“ Астрахан ауылының N1ЖОББМ”сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша “ Адал ұрпақ” ерікті клуб мүшелерінің ұйымдастыруымен”Жемқорлық-індет,жою-міндет” тақырыбында мектеп оқушыларына буклеттер таратылды мақсаты Оқушыларға пара бермеу және алмау, жемқорлық не екенін түсіндіру. Өз ойларын еркін жеткізе білуге үйрету,патриоттық дүниетанымын қалыптастыру,әділдік пен ашықтықты қамтамасыз ету.



“Біртұтас тәрбие” бағдарламасы аясында жоспарға сай, дәстүрге айналған 6-8 сынып оқушылары арасында “Көңілді тапқырлар алаңы” әзіл кеші ұйымдастырылды. Ойынға бес команда қатысты.

КТА жарысының мақсаты-оқушыларды ізденуге, командамен жұмыс жасауға, бос уақытын тиімді пайдалануға баулу, қызықты әзілдерді ойнау арқылы өнерге қызығушылығын арттыру.

